

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Спорт факультеті

Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша. Академиялық комитет мәжілісінің.

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.12.2025 ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы- Т.Х.Кулманбетов АҚ мүшесі, Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы Алтынбеков Алпамыс Ибадиллаұлы. Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі Ермаханов Бағлан Өмірзақұлы, PhD, қауымдастырылған профессор академиялық персонал Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі, PhD Қауымдастырылған профессор м.а Масадикова Гузал Гайбуллаевна. Бейнелеу. «Орындаушылық өнер» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі аға оқытушы Кулетова Ұлбосын Ахметовна өнері кафедрасы, магистр, оқытушы Қасымбекова Күлзира Айдарбековна. Дене мәдениеті кафедрасы, п.ғ.к., профессор Қасымбеков Жақыпбек Айдарбекұлы. Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасы, подполковник, аға оқытушы Мамбеталиев Серибай Тортаевич. Дене мәдениеті кафедрасы, магистр-оқытушы Тасболат Арайлым Жанболатқызы. Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к. аға оқытушы Куздеубаева Алия Бекходжаевна.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу).
2. Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу.
3. Микроквалификация бағдарламаларын ашу мәселесі.
4. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау, қысқы сессия қортындысы.

Тыңдалды: АҚ төрағасы Кулманбетов Т: Құрметті Ақ мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу), қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу,

караша-желтоқсан айларында аткарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Осы мәселелер бойынша өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі, академиялық персонал, Ұ.Кулетова: «Жалпы дамудың мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша барлық ББ талапқа сай жасалғанын атап өтті. Қазіргі таңда, қолданыстағы 6B01428-Көркемдік білім (IP), 6B01478-Көркем еңбек және графикалық жобалау, 6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP), 6B01405-Дене шынықтыру және спорт, 6B01426-Музыкалық білім (IP), 6B01406-Музыкалық білім, 6B01404-Бастапқы әскери дайындық, 6B01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық білім беру бағдарламалары жалпы мазмұны қазіргі заманғы талаптарға сай және өзектілігін жоғалтпағанын қоса айтып, қолданыста қалатынын да ескерді. Сонымен қатар 7M01404-Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасы өзгеріссіз қалатынын айтты. Дегенмен алдағы уақытта заман өзгерістеріне сәйкес жаңаша тенденциялармен қарастыруға болатынын ұсынды.

АК мүшесі, академиялық персонал, Қасымбекова Күлзира Айдарбековна: Аталған білім беру бағдарламалардың қазіргі мазмұнының тиімділігін атап өтті, бірақ қазіргі заманғы талаптарға сай қажет болған жағдайда бағдарламалардың жаңартылуы қажеттігін атап өтті.

АК мүшесі, академиялық персонал, Б.Ермаханов Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша білім беру бағдарламасы шеңберінде микроквалификация бағдарламаларын әзірлеу және енгізу қажеттілігі туралы. Микроквалификация бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін, студенттердің практикалық құзыреттерін арттырудағы рөлін және білім беру бағдарламаларын жаңғыртудағы маңызын атап өтті. Академиялық комитет мүшелері микроквалификация бағдарламаларын енгізудің өзектілігін қолдап, оларды негізгі білім беру бағдарламаларының элективті компоненттерімен ықпалдастыру қажеттігін атап өтті.

- құзыреттілікке негізделген сабақ жоспарлау;
- цифрлық педагогика және білім беру платформаларын қолдану;
- инклюзивті білім беру негіздері;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістемесі

1. критериалды бағалау және оқу жетістіктерін мониторингілеу; микроквалификация бағдарламалары кәсіби стандарттарға, Ұлттық біліктілік шеңберіне және еңбек нарығының талаптарына сәйкес әзірлеу.

2. Бағдарламаларды іске асыру барысында білім беру ұйымдарымен, жұмыс берушілермен және педагог-практиктермен ынтымақтастық орнату қамтамасыз ету.
3. Микроквалификация бағдарламаларының оқу нәтижелерін тану және сертификаттау тәртібі айқындау.
4. Жауапты құрылымдық бөлімшелерге микроквалификация бағдарламаларын пилоттық режимде енгізу және нәтижелері бойынша Академиялық комитетке есеп беру қажеттігін атап өтті.

4.АК төрағасы,Т Кулманбетов: Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде. Білімгерлердің белсенділігі жоғары деңгейде, Өткізілген іс-шаралар нәтижелі деп бағаланып,тәжірибе алмасу форматындағы іс-шараларды көбейту керек екеніне тоқталды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. АК мүшелері оң пікірлер айтып, жақсы көзқараста екенін айтты.

Шешім: «Жалпы дамудың мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша барлық білім беру бағдарламаларына өзіндік бағалау жұмыстары жүргізілсін, колданыстағы білім беру бағдарламалары ешқандай өзгеріссіз сол күйінде қалатыны туралы шешім қабылдансын. Қараша-желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрағасы

Хатшы



Т.Кулманбетов

А. Тасболат